

Кімге: ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Атырау облыстық аумақтық инспекциясы

Кімнен: Сабыров Жәнібек Раушанұлы, ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жылыой аудандық аумақтық инспекциясы басшысы

Уақыты: 10.09.2024 жыл


АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Жылыой ауданының ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезі бойынша 2019 – 2024 жылдың 8 айындағы эпизоотиялық ахуалы

Бруцеллез – бұл зоонозды инфекциялық ауру, ол әдетте малдан адамға беріледі. Бруцеллез қауіптері әр түрлі аспектілерде көрінеді:

1. Адамдардың денсаулығы үшін қауіпі: инфекция малдан адамға жұғып, қажетті медициналық көмек көрсетілмеген жағдайда ауру созылмалы түрге айналып, денсаулыққа ұзақ уақыт теріс әсер етуі мүмкін (адамдарда бедеулікке, белсіздікке, өлі тууға әкеліп соғуы мүмкін).
2. Мал шаруашылығы үшін қауіпі: мал шаруашылығында өнімділікті төмендетеді, уақытылы алдын алмау салдарынан індеттің жаппай таралуына әкеліп соғады, өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін.
3. Экономикаға әсері: ауыл шаруашылығындағы табысты азайтады, аурудың алдын алу, ауру малды жою шығындары қаржылық жүктеме тудырады, ауру мал өнімдерінің сапасына әсер ететіндіктен, өнімдерге деген сұранысты төмендетеді. экспорттық шектеулер мен сауда проблемалары туындауы мүмкін.
4. Қоғамдық денсаулық сақтау саласында: Аурудың таралуы қоғамдық денсаулық сақтау жүйесіне қосымша жүктеме әкеледі және ауруды бақылау және емдеу үшін қосымша ресурстар қажет етеді.

ЫЛ
ЫОЙ
АУДАНЫ
БОЙЫНША
2019 –
2024
ЖЫЛДЫҢ
8 АЙЫ




8 айындағы Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорында тіркелген ауыл шаруашылығы жануарлары саны

Жылыой ауданы бойынша 2019 – 2024 жылдың 8 айындағы бруцеллез ауруына қарсы зерттеуден өткен және ауруға оң нәтиже көрсеткен ауыл шаруашылығы жануарлары (қала, кент, ауылдық округтер бөлінісінде)

Округ атауы	2019 жыл						2020 жыл					
	MIK		MFM		Түйе		MIK		MFM		Түйе	
	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені
Жем	4536	11	6873	0	218	0	6198	7	6958	0	183	0
Қосшағыл	3089	3	14044	0	1075	0	3458	0	14110	0	619	0
Қара Арна	5499	5	32711	17	1130	1	7578	15	45902	12	967	0
Жаңа Қаратон	1109	2	3056	0	232	0	2014	1	5928	0	106	0
Құлсары	4877	0	17334	15	991	3	7512	22	19026	0	409	4
Ақкиізтоғай	2302	3	15621	1	1097	0	2754	0	19002	0	825	0
Майкөмген	1351	1	9837	0	817	0	2486	2	12474	0	491	0
Барлығы	22763	25	99476	33	5560	4	32000	47	123400	12	3600	4

Округ атауы	2021 жыл						2022 жыл					
	МІҚ		МҰМ		Түйе		МІҚ		МҰМ		Түйе	
	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені
Жем	6388	1	7438	0	142	0	4600	1	5398	0	400	0
Қосшағыл	3870	1	14856	0	782	0	3641	0	15890	0	1500	0
Қара Арна	8360	0	41090	0	945	0	6926	0	42000	0	1155	0
Жаңа Қаратон	2278	0	5928	0	100	0	2218	0	5800	0	262	0
Құлсары	5328	12	20160	0	273	0	4802	2	21422	0	1446	2
Ақкиізтоғай	2860	2	17994	0	803	0	3000	0	16928	0	1430	0
Майкөмген	2916	8	12534	0	455	0	3113	0	12862	0	1307	0
Барлығы	32000	24	120000	0	3500	0	28300	3	120300	0	7500	2

Округ атауы	2023 жыл						2024 жыл 8 айында					
	МІҚ		МҰМ		Түйе		МІҚ		МҰМ		Түйе	
	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені	Зерттелді	Оң нәтиже көрсеткені
Жем	4346	6	4318	0	402	0	3426	11	2795	0	400	0
Қосшағыл	4604	0	15106	0	1600	0	3533	0	10307	0	1181	0
Қара Арна	7598	0	34961	0	1169	0	5494	0	26672	0	885	0
Жаңа Қаратон	2252	0	7158	0	235	0	1255	0	3896	0	218	0
Құлсары	3786	0	16880	0	1400	0	2734	1	12259	0	1044	2
Ақкиізтоғай	2800	0	10912	0	1476	0	2131	0	6281	0	939	0
Майкөмген	2614	0	11465	0	1318	0	1398	0	6224	0	605	0
Барлығы	28000	6	100800	0	7600	0	19971	12	68434	0	5272	2




Жылыой ауданына 2019 – 2024 жылдың 8 айы аралығында шет елдерден және республиканың басқа өңірлерінен өсіру мақсатында тасымалданып, карантиндік іс-шаралар өткізілген ауыл шаруашылығы жануарлары:

- 2019 жылы Ресей Федерациясы, Пенза облысынан 75 бас MIQ, БҚО-нан 12 бас MIQ, 72 бас жылқы, Ақтөбе облысынан 102 бас MIQ, 1172 бас MUM, 16 бас жылқы, Атырау облысының өзге аумақтарынан 34 бас MIQ, 489 MUM, Маңғыстау облысынан 30 MUM, 7 жылқы, 1 түйе малдары тасымалданып, диагностикалық зерттеулер нәтижесінде бруцеллез ауруы анықталмаған;
- 2020 жылы БҚО-нан 23 бас MIQ, 42 бас MUM, Ақтөбе облысынан 85 бас MIQ, 50 бас MUM, Атырау облысының өзге аумақтарынан 117 бас MIQ, 5 бас жылқы, Жамбыл ауданынан 27 бас MUM тексеріліп ауру анықталмаған;
- 2021 жылы БҚО-нан 76 бас MIQ, 40 бас MUM, Ақтөбе облысынан 49 бас MIQ, 3 бас жылқы, 17 бас түйе, СҚО-нан 50 бас MIQ, Маңғыстау облысынан 9 бас MIQ, 13 бас MUM, 31 бас жылқы, Атырау облысының өзге аумақтарынан 7 бас MIQ, 11 бас MUM тасымалданып, БҚО-нан әкелінген 19 MIQ хламидиоз, БҚО және Атырау облысы Құрманғазы ауданынан тасымалданған MIQ малдарының 1 оң, 4 күдікті нәтиже көрсетіп кері қайтарылған;

- 2022 жылы Ресей Федерациясынан 90 бас МІҚ, БҚО-нан 50 бас МІҚ, Ақтөбе облысынан 4 бас МІҚ, 47 бас МҰМ тасымалданып, серологиялық зерттеулер нәтижесінде БҚО-нан әкелінген 5 бас МІҚ малынан хламидиоз ауруы анықталып кері қайтарылған;
- 2023 жылы БҚО-нан 8 бас МІҚ, 40 бас МҰМ, Ақтөбе облысынан 34 бас МІҚ, 9 бас жылқы, 172 бас МҰМ, Алматы облысынан 14 бас МІҚ, Атырау облысының әр ауданынан 9 бас МІҚ, 125 бас МҰМ, 2 бас жылқы, 8 бас түйе малдары карантинге қойылып, нәтижесінде Ақтөбе облысынан әкелінген 1 бас МҰМ-нан бруцеллез анықталып, жойылған;
- 2024 жылдың 8 айында Ақтөбе облысынан 76 бас МІҚ, БҚО-нан 150 бас МІҚ, Атырау облысының өзге аумақтарынан 8 бас МІҚ, Маңғыста облысынан 50 бас МІҚ, 50 бас түйе малдарын тасымалданып, карантиндік іс-шаралар нәтижесінде Маңғыстау облысынан әкелінген 2 бас МІҚ бруцеллезге күдікті, БҚО-нан тасымалданған 25 бас МІҚ оң, 15 бас күдікті, хламидиоз ауруына 2 бас МІҚ оң нәтиже көрсетіп, ауру және ауруға күдікті малдар кері қайтарылды.

Жылыой ауданы бойынша 2019 – 2024 жылдың 8 айындағы бруцеллез ауруы анықталған адамдар саны (2019, 2023, 2024 жылдың 8 айында 2 адамнан, 2020, 2021, 2022 жылы тіркелмеген)



Халықаралық эпизоотиялық бюросы (ХЭБ, OIE) бруцеллез ауруының алдын алу мен басқаруға байланысты саясатты төмендегідей бағыттар бойынша жүргізеді:

1. Мал шаруашылығында бақылау

Ветеринарлық бақылау: ХЭБ мал шаруашылығында бруцеллездің таралуын бақылау үшін ветеринарлық бақылау мен профилактикалық шараларды енгізу қажет деп санайды. Мұндай шараларға малдарды жүйелі түрде тексеру, аурудың ерте кезеңде анықталуы және тиісті емдеу кіреді.

2. Малдарды тексеру және мониторинг

Жүйелі тексерулер: ХЭБ малдарды үнемі тексеріп отыруды талап етеді, соның ішінде тексерулер мен зертханалық анализдер жүргізу арқылы аурудың таралуын бақылау. Аурудың мониторингі: Аурудың таралу деңгейін және оның өзгерісін бақылау үшін статистикалық деректер жинау мен талдау.

3. Халықаралық стандарттар мен ұсыныстар

ХЭБ кодекстері: ХЭБ бруцеллезге қатысты халықаралық стандарттар мен кодекстерді (OIE Terrestrial Animal Health Code) ұсынады. Бұл кодекстер мал шаруашылығында аурудың таралуын бақылау, алдын алу және емдеу бойынша негізгі қағидаларды анықтайды. Халықаралық ынтымақтастық: Өртүрлі елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайту және ақпарат алмасу арқылы ауруды басқару.

4. Қоғамдық ақпарат және білім беру

Ақпараттық науқандар: ХЭБ малшылар мен ветеринарлар үшін бруцеллездің белгілері, алдын алу шаралары мен дұрыс диагностика туралы ақпараттық науқандар жүргізуді ұсынады. Білім беру: Ветеринарлық білім беру бағдарламалары мен оқу курстарын өткізу арқылы мамандардың біліктілігін арттыру.

5. Гигиеналық және санитарлық шаралар

Санитарлық нормалар: ХЭБ мал шаруашылығында және малды өңдеу орындарында жоғары санитарлық стандарттарды сақтау маңызды деп есептейді. Бұл аурудың таралуын азайтуға көмектеседі.

6. Ұлттық және халықаралық саясаты

Ұлттық стратегиялар: Әр ел өз ұлттық бруцеллезді басқару стратегияларын әзірлеуі қажет, олар ХЭБ ұсынымдары мен стандарттарына негізделген болуы тиіс. Халықаралық ынтымақтастық: ХЭБ халықаралық ұйымдармен, үкіметтермен және басқа да мүдделі тараптармен бірге жұмыс істеу арқылы ауруды жаһандық деңгейде басқаруға бағытталған.

Жылыой ауданы бойынша 2019 – 2024 жылдың 8 айындағы бруцеллез ауруына қарсы ветеринариялық іс-шаралар көрсеткендей, Жем ауылдық округінде және Құлсары қаласында МІҚ және түйе малдарының арасында аурудың таралу көрсеткіші жойылмағаны, адамдардың ауру жұқтыру фактілері бірқалыпты екені байқалады.

Сондай-ақ, әр жылдары ауылдық округтердегі зерттелген мал санының үлкен айырмашылығы бар. Мал санының өзгеріп отыру жағдайын бақылау қажет етеді.

Бруцеллез ауруы емделмейді, тек уақытылы ауруды анықтап жою арқылы таралу деңгейін төмендетуге болады. Ауданда бруцеллезге қарсы вакцина қолданылмайды.

Мәселені шешу жолдары:

1. Халық арасында бруцеллез ауруының себеп салдары жөнінде жаппай ақпараттандыру;
2. Ауыл шаруашылығы жануарларын міндетті бірдейлендіру;
3. Уақытылы ветеринариялық іс-шараларды өткізу, басқа жерден тасымалданатын жануарларды міндетті карантинге қою;
4. Ветеринария саласындағы мамандардың жұмысының тиімділігін бақылау;
5. Ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау тиісті деңгейде орындау;
6. Мал санын аулаларды аралау, дерекқордағы және статистикалық көрсеткіштерді салыстыра отырып, нақтылау.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <http://10.61.42.188/kaz/docs/Z020000339> 2002 жылғы 10 шілдедегі ҚР Ветеринария туралы Заңы
2. <http://10.61.42.188/kaz/docs/V1500011940> Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығы
3. Опыт оздоровления хозяйств Восточно-Казахстанской области от бруцеллеза и снижения заболеваемости людей бруцеллезом, В.Б.Фосс, И.Ф.Задорожный
4. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14F0009639> Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 16-07/332 бұйрығы